


«Қаратай ЖОББМ» КММ



Тақырыбы: Дұрыс тамактану – денсаулық кепілі

Медбике : Ж.Т Рахметова.



2014-2015 оның жылы

Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі

Балалар мен жасөспірімді дұрыс тамақтандыру олардың денсаулығын нығайтып, дene және ой қабілетінің дамуына мүмкіндік береді, еңбек ету мен сабак үлгеру қабілетін артырады. Егер тамақтану дұрыс үйымдастырылмаса, тиімсіз, яғни жеткіліксіз болса, организмде метаболизм, зат алмасу бұзылып, оның айналадағы ортанды зиянды әсеріне және әртүрлі жүқпалы ауруларга қарсы тұрарлық қабілеті төмендейді.

Балалардың тамақтануының үлкендерге қараганда, едәуір айырмасы болады. Үлкендерге тамақ организмдегі тіршілік процестерін қолдану үшін, әртүрлі жұмыстарға жұмсалған күш қуатты қалпына келтіру үшін қажет болса, өсіп келе жатқан жас организмге тек өмірлік процестерді ғана қолдану үшін емес, сонымен бірге бүкіл организмнің өсу, даму, қалыптасу процесіне қажет.

Тамақтану сауаттылығының бес негізі бар:

- 1) Тамақ құрамында негізгі оректік заттардың болуы (нәрудыз, май, көмірсу);
- 2) Тамақ рационында қосымша заттардың болуы (витаминдер, микроэлемент);
- 3) Тамақ нәрлігі адам жасына, денсаулық күйіне, табигат климатына байланысты;
- 4) Тәулік бойынша тамақтану тәртібінің мөлшерін сақтау;
- 5) Тамақтанудың санитарлық – гигиеналық нормага сай болуы.

Тамақтану тәртіби

Тамақтану тәртібі дегеніміз – ас қабылдауда белгілі бір уақытқа базыну, сондай – ақ тамақтану кезінде астың мөлшерін және мәзірін сақтау деген үзымды білдіреді. Тамақтану режиміне мына төмендегі принциптер енеді.

- 1) тамақтану барысында тәуліктік кесте белгілеу.
- 2) тәулігіне бір – екі рет қана тамақтану дұрыс емес, белгілі мөлшерде үш – немесе төрт рет тамақтану керек.
- 3) тамақ құнарлы болғаны жөн. Себебі, адам ағзасы дұрыс қабылдайтын, оны асқазан еш қыындықсыз қорытатын тағам түрлері, яғни белок, майлар, витаминдер, минералды заттарға бай болғанын адам өзі таңдай алуы шарт. Бұл ретте дәрігер – диотологтың да кеңесі артық болмайды.

Тәуліктік ас мәзірі әртүрлі болуы керек. Тамақтану кезінде адам өзінің ас қабылдау қабілеті, көңіл – күйіне баса назар аударғаны жөн. Кей ретте тамақ жеңіл жүрсе, кей ретте ол керісінше бұл процесті бәсендедетеді. Мұны мамандар физиологиялық процесс деп те атайды.

Тәбет дегеніміз – аштыққа қарсы тұратын құбылыс. Ол мына бір принципмен дәлелденеді. Аman айтқанда, тамақ қабылдау мезгіліне,

тагамның түрі, дәмі немесе иісі, түрлі қоспалар, тіпті бұл ретте адам ойы да өзіндік рөл атқарады. Адамның тәбеті шылымга, кофеге, шайға, атын, ішімдік, тағы басқаларына ашилатын көрінеді. Бірақ, мұндай физиологиялық қажеттіліктен аулақ болған дұрыс.

Тәбет кей ретте асқазанның шұрылдағанда, маза бермеуі, бос, еш жұмыссыз тұрғандығымен қиналады. Бұл симптом мешкейлерге тән. Бұл орайда халықтық медицина ондай адамдарға бірнеше күн өзіне аштық жариялаганды ұсынады.

Тамаққа деген тәбет сыр білдірмей де келеді. Ол сыртқы фактrolардан делдал іздемейді. Адам белгілі тамақты құмартақанда, тәбеті өздігінен пайда болады. Міне, осы кезде адам асханада өзі қалаган ас әзірлең, дастархан басына жайғасып, тамақтанғанға не жетсін дейді. Және солай да жасайды. Бұл адамның организмі шын мәнінде ас қабылдауга дайын екендігін жақсы хабар бергендей.

Тамақтанудың негізгі ережелері

Аштық – «табигаттың дауысы», немесе, асқазан тамақ қажет етеді деген ұғымі. Бұл қағида тамақ ішетін уақыттың келгеніндегін білдіреді. Ертеректе тамақ ішетін кесікті бір кесте, уақыт жоқ – тын. Адамда тамаққа деген тәбет пайда болғанда ол өзінде ауыз бен өңешінің барын сезінеді. Ал, асқазандығы бұлшық еттердің жұмылуы аштық пен тәбеттің ашилғанынан хабар береді.

Аш адам бір жапырақ наң мен суды да қанагат тұтады. Бұл орайда оның тәбеті жогары болады. Ал, ашқарақ адамға келсек, ол алдына келгеннің бәрін опыруға дайын. Мұндайда халықтық медицина ондай адамдарға белгілі рацион, кесікті кесте, тамақты қанагатықпен тұтыну керектігін ұсынады.

Асқазан өз қажетін алды делік. Бірақ, тәбет басылмай тұр. Бұл тагамның дәмді әзірленгендінен де болады. «Өзі тойғанмен, көзі тоймай тұрғанын қарашы» деген қызығаныш осыны білдірсе керек. Көптеген әдебиеттерде асқазан жартылай бос болуы керек деп жазылады. Бұл ас қорыту процесін жеңілдетеді. Екіншіден, тақыл – тақыл тагам қабылдауга мүмкіндік береді. Адамның тәбеті мен оның асқа деген құмартулығын артырады дейді. Тойып тамақ ішуге болмайды. Тагамның мөлшері, оның сапасы, қабылдау кестесі, гигиена ережесі және қолайлыштық этикасымен реттелуі керек. Тамаққа деген тәбеттің болмай тұрып, ас қабылдамаңыз. Тамақтану тәртібі дегеніміз – ас қабылдауда белгілі бір уақытқа базыну, сондай – ақ тамақтану кезінде астың мөлшерін және мәзірін сақтау деген ұғымды білдіреді.

Тамақтану процесінің принциптері

Тамақтану режиміне мына төмөндегі принциптер енеді.

Тамаққа деген тәбетіңіз болмай тұрып, ас қабылдамаңыз. Оңтайлы тамақтану – ағзаның калыпты өсуі мен дамуының, оның барлық мүшелері мен жүйелерінің қызмет істеуінің негізгі жағдайларының бірі Тамақ көлемі бойынша жеткілікті, оның құрамында ағзаның тіршілігі үшін қасиетті барлық нәрселер болуы, адамның жасына, оның тіршілік ету жағдайларына сәйкес жұмысалған күш-куатты орнына келтіретіндей болуы керек. Оңтайлы тамақ ішудің маңызды принципі режим болып табылады, яғни тамақ белгілі бір сағаттарда гана ішілуі тиіс.

Асқазан ішілген тамақтан шамамен 4 сағат шамасында босайды, сол себепті тамақ ішудің арасы 3-3,5 сағаттан кем және 4-4,5 сағаттан аспасын. Тамақты жиірек ішкен сайын асқазан -ішек жолдары жұмысының ыргағы бұзылады. Егер тамақ ішу аралығында үзіліс өте узакқа созылып кетсе, онда күшті ашиғу сезімі туындаиды және оны қанагаттандыру үшін көп тамақ ішу қажет болады, бұл да асқазанның қорытуын кындалатады.

Тамақ ішу тәртібі

Тамақ ішу тәртібін жүйелі түрде сақтамау асқазан ауруларының дамуының негізін салады, ағзадағы зат алмасуының бұзылуын туындалатады. Осындаған ретсіз тамақтану асты көп ішу дәгдышарын қалыптастырады, яғни дене салмағының артуына, ал кейде семіргеге әкеп соқтырады. Әсіресе, организмі калыптасу мен қарқынды өсу деңгейінде болатын жеткіншектер дұрыс тамақтану тәртібін сақтағаны маңызды, ал мектептің немесе КТМ-нің жоғары сыныппарындағы (құрстарындағы) сабактарда оларға қойылатын талаптар жеткілікті жоғары.

ТМД елдерінің жетекші ғалымдары балалар мен жеткіншектердің тамақтық заттар мен қаутқа (яғни кунделікті рационының калориялығы) қажеттілік нормаларын жасаған. Осы ғылыми негізделген ұсыныстарға сәйкес 14-17 жастардағы жасөспірімдердің тәуліктикалық тамақ рационының калориялығы 2900 килокалорияны, осы жастардағы қыздарда - 2600 килокалорияны, құрауы керек. Тамақ калориялығы күш-куатты жұмысаукөлеміне байланысты белгіленеді, сондықтан да КТМ оқушылары үшін олардың оқу-өндірістік жұмысының сипатын есептей отырып, осы норманы 10-15%-ке арттыру қарастырылған.

Белгілі бір сағаттарда гана тамақ ішу маңызды. Бұл жағдайда ағзада уақытқа шартты рефлекс қалыптасады, яғни тамақ ішу белгіленген

уақытта асқазан сөлі көбірек бөлінеді, тәбет ашилады, тамақты жақсы қорытуға жағдай жасалады.

Тамақ ішудің жекелеген уақыттарды мектептегі сабактың басталуына, олардың ұзақтығына, мектеп пен үй арасындағы жолға кететін уақытқа байланысты біршама ауысуы мүмкін . Дегенменде бұл айырмашылық 30-40 минуттен аспауы керек.

Мектеп ыстық тамақтың міндетті түрде берілу қажеттілігін атап өткен жөн. Жогары сыйып оқушылары мектепте 5-6 сағаттан, егер үйірме, секцияларга және т.б. қатысуға қалатын болса, кейде одан да көп уақыт болады. Сөйтін, ертеңгілік тамақ пен түскі астың арасындағы үзіліс 7 сағатқа, тіпті одан да көпке созылып кетуі мүмкін. Бутерброд, бәліш, тәтті тағамдар ыстық асқа деген ағзаның қажеттілігін өтей алмайды, құргактай тамақ жеу де зиянды. Мектептегі дұрыс үйымдастырылған тамақтану оқушының улгерімі мен жұмыс қабілеттілігінің артуына жәрдемдеседі. Мектептегі тамақтың сауықтыру әсері тәрбиелеуге мәнмен үйлестіріледі – болашақ өмірде режим сақтау әдетін баянды етеді.

Казіргі мектептерде оқушыларды ыстық тамақпен қамтитын асханалар бар. Оқушылар санына байланысты тамақ не сол жерде дайындалады не когамдық тамақтандыру орындарынан әкелініп, мектеп асханасында ысытылады. Өзге бір маңызды талап – көлемі және калориялығы бойынша қабылдауга тамақты дұрыс бөлу.

Таңертенғіліқ ас қою, тығыз болсын; түскі аста негізгі тамақ қабылданады; кешкі ас калориялығы жөнінен таңертенғіліқ аспен бірдей болып үйқыға кемі 1,5-2 сағат қалғанда ішілуі керек. Тамақты өте жәй, үйықтар алдында қабылдау зиянды, ол үйқыны қашырады, ас қорытуды қынодатады, май жиналуды себепші болады. Кейде үйықтар алдында бір стакан айран ішкен пайдалы . Бұл ретте кешкі ас жеңілдеу болғаны жөн.

Дұрыс құрастырылған тамақтану рационының құрамында сұйықтың жеткілікті көлемі болады. Дегенменде денеге елеулі ауырлық түскенде, жорық күндері ,жазда сұйық-сусынның қажеттілігі артады , өйткени тер бөлінуі қүшійеді де, ағзаның сұйықты қажет етуі көбейеді. Шөлді қайназан су, шәй ішіп басу керек. Лимонадты, газдандырылған суды және құрамында қантты бар өзге де сусындарды шектелген көлемде қабылдау керек.

Тамақтану режимінің маңызды элементтерінің бірі- тамақтың қайда ішілетіндігі, тазалығы т.б. «Жүріп келе жатып», не өте ыстық немесе сүйіп қалған тамақты ішуге болмайды. Бірінші және екінші ыстық тамақтың температурасы шамамен 50 С болуы тиіс. Негізгі

тагамдарды ішу арасында тәтті тагамдарды жемеу керек, өткені бұлар тәбетті, ішектек асқазан жолы жұмысының ыргағын бұзады. Спортпен шұғылданған кейін, үлкен дene жүктемелерін орындағаннан кейін бірден дастарханга отыру ұсынылмайды.

Балалар мен жасөспірімді дұрыс тамақтандыру олардың денсаулығын ныгайтып, дene және ой қабілетінің дамуына мүмкіндік береді, еңбек ету мен сабак үлгеру қабілетін артырады. Егер тамақтану дұрыс үйымдастырылмаса, тиімсіз, яғни жеткіліксіз болса, организмде метаболизм, зат алмасу бұзылып, оның айналадағы ортаның зиянды әсеріне және әртүрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұрарлық қабілеті төмендейді.

Жасөспірімдердің тамақ нәрлігі мен құрамы нормага сай болуы керек. Бала немесе жасөспірім тәулігіне 80 – 100 гр нәруды, 100 гр май, 380 гр көмірсу қорек ету керек. Нәруды суттен, дәнді – дақылдардан, еттен, көмірсуды нан, салат, картофельден, майлы заттарды май, жұмыртқа, суттен, витаминдерді өсімдік және жануар майынан, минералды тұздар мен микроэлементтерді шай, шырын, компот және жеміс – жидек сияты заттардан алады. Осыған байланысты асхананың тамақтану тізімінде 2 – 6 жастағы балалардың тамақ құрамы 1 кг салмағына шаққанда 70 – 75 ккал, 11 – 15 жастағылардың ккал – сы 44 – 55, ал ересек балалардың тамақ құрамы 35 – 40 ккал болуы қажет. Біздің асханамыздың апталық тамақ тізімін қараганда, таңертенгілік ас 507 ккал, түскі ас 794 ккал, түстен кейінгі ас 545 ккал болады, яғни нормага сай келеді деп есептеледі.

